

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ
«ХАЛЫҚ» ЖҚ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»
ЧФ «Халық»

THE BULLETIN

OF THE ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
«Halyk» Private Foundation

PUBLISHED SINCE 1944

2 (408)

MARCH – APRIL 2024

ALMATY, NAS RK



В 2016 году для развития и улучшения качества жизни казахстанцев был создан частный Благотворительный фонд «Халык». За годы своей деятельности на реализацию благотворительных проектов в областях образования и науки, социальной защиты, культуры, здравоохранения и спорта, Фонд выделил более 45 миллиардов тенге.

Особое внимание Благотворительный фонд «Халык» уделяет образовательным программам, считая это направление одним из ключевых в своей деятельности. Оказывая поддержку отечественному образованию, Фонд вносит свой посильный вклад в развитие качественного образования в Казахстане. Тем самым способствуя росту числа людей, способных менять жизнь в стране к лучшему – профессионалов в различных сферах, потенциальных лидеров и «великих умов». Одной из значимых инициатив фонда «Халык» в образовательной сфере стал проект *Ozgeris powered by Halyk Fund* – первый в стране бизнес-инкубатор для учащихся 9-11 классов, который помогает развивать необходимые в современном мире предпринимательские навыки. Так, на содействие малому бизнесу школьников было выделено более 200 грантов. Для поддержки талантливых и мотивированных детей Фонд неоднократно выделял гранты на обучение в Международной школе «Мирас» и в *Astana IT University*, а также помог казахстанским школьникам принять участие в престижном конкурсе «*USTEM Robotics*» в США. Авторские работы в рамках проекта «Тәлімгер», которому Фонд оказал поддержку, легли в основу учебной программы, учебников и учебно-методических книг по предмету «Основы предпринимательства и бизнеса», преподаваемого в 10-11 классах казахстанских школ и колледжей.

Помимо помощи школьникам, учащимся колледжей и студентам Фонд считает важным внести свой вклад в повышение квалификации педагогов, совершенствование их знаний и навыков, поскольку именно они являются проводниками знаний будущих поколений казахстанцев. При поддержке Фонда «Халык» в южной столице был организован ежегодный городской конкурс педагогов «*Almaty Digital Ustaz*».

Важной инициативой стал реализуемый проект по обучению основам финансовой грамотности преподавателей из восьми областей Казахстана, что должно оказать существенное влияние на воспитание финансовой

грамотности и предпринимательского мышления у нового поколения граждан страны.

Необходимую помощь Фонд «Халык» оказывает и тем, кто особенно остро в ней нуждается. В рамках социальной защиты населения активно проводится работа по поддержке детей, оставшихся без родителей, детей и взрослых из социально уязвимых слоев населения, людей с ограниченными возможностями, а также обеспечению нуждающихся социальным жильем, строительству социально важных объектов, таких как детские сады, детские площадки и физкультурно-оздоровительные комплексы.

В копилку добрых дел Фонда «Халык» можно добавить оказание помощи детскому спорту, куда относится поддержка в развитии детского футбола и карате в нашей стране. Жизненно важную помощь Благотворительный фонд «Халык» оказал нашим соотечественникам во время недавней пандемии COVID-19. Тогда, в разгар тяжелой борьбы с коронавирусной инфекцией Фонд выделил свыше 11 миллиардов тенге на приобретение необходимого медицинского оборудования и дорогостоящих медицинских препаратов, автомобилей скорой медицинской помощи и средств защиты, адресную материальную помощь социально уязвимым слоям населения и денежные выплаты медицинским работникам.

В 2023 году наряду с другими проектами, нацеленными на повышение благосостояния казахстанских граждан Фонд решил уделить особое внимание науке, поскольку она является частью общественной культуры, а уровень ее развития определяет уровень развития государства.

Поддержка Фондом выпуска журналов Национальной Академии наук Республики Казахстан, которые входят в международные фонды Scopus и WoS и в которых публикуются статьи отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также научных сотрудников высших учебных заведений и научно-исследовательских институтов нашей страны является не менее значимым вкладом Фонда в развитие казахстанского общества.

С уважением, Благотворительный Фонд «Халык»!

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

ПЕДАГОГИКА – ПЕДАГОГИКА – PEDAGOGY

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2. Number 408 (2024), 7–20
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.703>

ӘОЖ 378.147;
МҒТАР 14.35.07

©**A.I. Azimbay**^{1*}, **M.A. Sozer**², **S.Z. Ibadullayeva**³, 2024

¹Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov,
Shymkent, Kazakhstan;

²Gazi University, Ankara, Turkey;

³Kyzylorda university named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.

E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru

THE IMPORTANCE OF INTEGRATIVE LEARNING TECHNOLOGY FOR EXPANDING THE KNOWLEDGE OF THE FUTURE BIOLOGIST

A.I. Azimbay — Doctoral Student of Peoples' Friendship University named after Academician A. Kuatbekov, Shymkent, Kazakhstan

E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru;

M.A. Sozer — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor Gazi University, Ankara, Turkey

E-mail: akif@gazi.edu.tr;

S.Z. Ibadullayeva — Doctor of Biological Sciences, Professor Kyzylorda university named after Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: salt_i@mail.ru.

Abstract. Since the XXI century is an era of continuous search and new technologies, the education system, as we know, is not immune from these changes. In Higher School pedagogy, many methods and techniques are also used, and the format of classes is changing. These technologies not only consolidate theoretical knowledge, but also contribute to the lifestyle of students. The article describes the importance of integrative learning technology for expanding knowledge and increasing the interest of future biologists in the educational process. The graduates of the biology educational program were given integrated research classes with a foreign language on the course "evolutionary theory", the results of which were analyzed by a comparative method. During the lesson, many innovative techniques were used that helped make the lesson clear and easy.

Keywords: integrative learning technology, course "Evolutionary theory", future biologist, knowledge, interdisciplinary connections, biological terms

©А.И. Әзімбай^{1*}, М.А. Созер², С.Ж. Ибадуллаева³, 2024

¹Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті,
Шымкент, Қазақстан;

²Гази университеті, Анкара, Түркия;

³Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.
E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru

ИНТЕГРАТИВТІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БОЛАШАҚ БИОЛОГ ТАНЫМЫН КЕҢЕЙТУДЕГІ МАҢЫЗЫ

А.И. Әзімбай — Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінің доктаранты, Шымкент, Қазақстан

E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru;

М.А. Созер — Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Гази университеті, Анкара, Түркия

E-mail: akif@gazi.edu.tr;

С.Ж. Ибадуллаева — биология ғылымдарының докторы, профессор Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: salt_i@mail.ru.

Аннотация. ХХІ ғасыр тоқтаусыз ізденіс пен жаңа технологиялар заманы болғандықтан, білім беру жүйесі де осы өзгерістерден оқшау қалмайтыны белгілі. Жоғары мектеп педагогикасында да көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып, сабақ жүргізу форматы өзгеруде. Аталған технологиялар теориялық білімді бекітіп қана қоймай, білім алушылардың өмір салтына да септігін тигізуде. Мақалада интегративті оқыту технологиясының болашақ биолог мамандарының танымын кеңейтіп, оқу процесіне деген қызығушылығын арттырудағы маңызы сипатталған. Биология білім беру бағдарламасының бітіруші түлектеріне «Эволюциялық теория» курсы бойынша шет тілімен кіріктірілген зерттеу сабақтары жүргізіліп, нәтижелері салыстырмалы әдіс арқылы талданды. Сабақ барысында көптеген инновациялық әдіс-тәсілдер қолданылып, сабақтың түсінікті әрі жеңіл өтуіне септігін тигізді.

Түйін сөздер: интегративті оқыту технологиясы, «Эволюциялық теория» курсы, болашақ биолог мамандар, таным, пәнаралық байланыс, биологиялық терминдер

Мақала АР14871864 «Қазақстандық мұғалімдердің көп сауатты моделін әзірлеу және биологиялық білім беру үдерісінде пәндік тілді кіріктірілген оқыту әдістемесімен білім беру үлгілерін стратегиялық түрлендіру» атты грантық жобасы аясында қаржыландырылды.

©А.И. Азимбай^{1*}, М.А. Созер², С.Ж. Ибадуллаева³, 2024

¹Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова,
Шымкент, Казахстан;

²Университет Гази, Анкара, Турция;

³Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.
E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru

ВАЖНОСТЬ ИНТЕГРАТИВНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ РАСШИРЕНИЯ ПОЗНАНИЯ БУДУЩЕГО БИОЛОГА

Азимбай А.И. — докторант, Университет дружбы народов имени академика А. Куатбекова, Шымкент, Казахстан

E-mail: abylayhan.azimby@mail.ru;

Созер М.А. — доктор педагогических наук, профессор, Университет Гази, Анкара, Турция

E-mail: akif@gazi.edu.tr;

Ибадуллаева С.Ж. — доктор биологических наук, профессор Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан

E-mail: salt_i@mail.ru.

Аннотация. Поскольку XXI век — это эпоха непрерывных поисков и новых технологий, система образования, как известно, не застрахована от этих изменений. В педагогике высшей школы также используется множество методов и приемов, меняется формат проведения занятий. Данные технологии не только закрепляют теоретические знания, но и способствуют образу жизни обучающихся. В статье описывается значение технологии интегративного обучения для расширения познания и повышения интереса к учебному процессу будущих специалистов-биологов. Выпускниками образовательной программы по биологии были проведены интегрированные исследовательские занятия с иностранным языком по курсу «эволюционная теория», результаты которых были проанализированы сравнительным методом. В ходе урока было использовано множество инновационных методик, которые помогли сделать урок понятным и легким.

Ключевые слова: технология интегративного обучения, курс «эволюционная теория», будущие биологи, познание, межпредметные связи, биологические термины

Кіріспе

Ғылым мен білімнің дамуы үздіксіз жүріп жатқан қоғамды түрліше жаңа технологияларсыз қарастырмау мүмкін емес. Заман ағымына сәйкес білім беру жүйесі де күнделікті жаңартылуды талап етіп, дәстүрлі білім беру жүйесінен алшақтау үстінде екенін толық сеніммен айта аламыз. Қазіргі таңда тек білім беріп қана қоймай, оқыту жүйесі білімгерлерге алынған білімді күнделікті өмірде пайдалануға және көптеген дағдыларды өз бойларында қалыптастыруға негізделіп ұйымдастырылып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өз жолдауында «Білім

сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» деп, сонымен қатар жаңашыл мамандарға, жаңашыл технологияларды меңгерген ұстаздарға сұраныс жоғары екенін алға тартты (Қ.К.Тоқаев, Қазақстан халқына жолдауы, 2023). Сол себепті болашаққа нық қадам баса алатын, білімді әрі танымы кең, креативті мамандар дайындау еліміздің алға қойып отырған мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру, әрине, оқу орындары мен білім беру ұйымдарына жүктелетіні анық.

Жоғарғы оқу орындарындағы педагогикалық бағытта білім алушыларға пән бойынша теориялық материалдарды меңгерту ғана емес, педагогикалық технологияларды сабақ өту барысында қолдануға бейімдеу және педагогикалық шеберлікті қалыптастыра отырып, заман талабына сай, әмбебап маман дайындау оқу орындарының басты назарының бірі. Атап өткен, қадамдардың біразы дерлік еліміздің Болон жүйесіне кірумен байланысты жетіліп әрі қарай нақтыланып, жүзеге асып жатқандығы бәрімізге мәлім. Бұл жүйенің мақсаты бірінғай еуропалық білім беру жүйесін құрап, мықты кадрлардың жұмысқа тұруын қамтамасыз ету және болашақ мамандардың көптеген дағдыларын жетілдіріп, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыру. Осы жүйенің аясында көптеген оқыту технологиялары жетіліп, білім беру жүйесінде қолданыс табауда. Осындай технологияның жарқын мысалы ретінде — интегративті оқыту технологиясын атап көрсетсек болады.

Бүгінгі таңдағы өркениет ғылымның барлық салаларында интеграциялық процесстердің жүзеге асырылуымен сипатталады. Әлеуметтік және экономикалық процесстердің жаһандануы мен интеграциялануы әлем елдері мен халықтарының өз мәдениетін, тілі мен салт-дәстүрлерін сақтай отырып, бір-біріне жақынырақ болуына септігін тигізеді. Жоғарғы білім беру жүйесін реформалау кезінде біздің елімізде де интеграциялық процесстер орын алды: түрлі деңгейдегі білім беру ұйымдары бір-бірімен жақын одақ құрып, сонымен қатар ЖОО мен ғылыми мекемелер немесе өндіріс орындары интеграцияланып, білімгерлерге материалдық-техникалық базаларда жұмыс жасап, тәжірибе алмасуға зор мүмкіндіктер берілді.

Интеграция, интегративті оқыту технологиялары секілді терминдер ең алғаш педагогика ғылымында пайда болып, XX ғасырдың 80 жылдардың бірінші жартысында ғылымға енгізілген. Оған дейін «интеграция» терминінің орнына «пәнаралық байланыс» ұғымы қолданысқа ие болған (Джумагулова және Алгелдықызы, 2019). Ал «интеграция» ұғымына аңқтама беретін болсақ, педагогикада бірдей мақсаттарды, әдістерді, оқыту мен тәрбие заңдылықтарын тиімділігін арттыруға арналған модель ретінде қарастырылады. Ал нақты, әрі түсінікті анықтаманы, Беляеваның еңбектерінен көрсек болады. Ол интеграция бүтін бір бөлінбейтін, тұтас процесс пен нәтиже деп қарастырды (Беляева, 2018).

Интегративті оқыту технологиясы жаңашыл білім беру жүйесінде білім сапасын арттыру мен пән аралық байланысты нығайтатын әдістердің жиынтығы. Бұл технологиялар тәлімгерлер алған білімдерін біріктіріп

қолдануда, сонымен қатар түрлі мәселелердің шешімін табуда көмектесетін тиімді құрал. Пәнаралық технологиялардың әдістемесін пайдалану, білім алушыларға жалпы дағдыларды меңгеріп, өзге пәндерде де кеңінен қолдануға мүмкіндік тудырады.

Интегративті оқыту технологиялары студенттердің ғылыми-теориялық және тәжірибелік дағдыларын арттырып, олардың танымдық белсенділігін кеңейтеді. Пән аралық байланыс білім алушылардың жан-жақты ойланып, тез әрі нақты шешім қабылдауға бейімдеп, болашақ мамандардың қоғамда, ғылымда, өндірісте алдыңғы қатарлы маман болуына дағдыландырады (Еловская, 2018). Сонымен қатар, бұл технология студенттердің өз бетінше білім алуға, интеллектуальды деңгейін арттыруға, оқуға деген қызығушылығын оятуға, олардың ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Родионова мен Васильева (Родионова, Васильева, 2012) өз зерттеулерінде, биология сабағында пәнаралық байланыстар, яғни интегративті оқыту технологиялары төмендегідей көптеген белгілі қызметтертер атқаратынын бөліп көрсетті:

Әдістемелік қызметі. Пәнаралық байланыс білім алушылардың табиғатқа деген көзқарасын, заманауи ұстанымдары мен өзіндік құндылықтарын қамтиды.

Білім беру қызметі. Интеграциялы оқыту технологиялары арқылы биология пәнінің маманы білімгерлердің бойына мынадай қасиеттерді сіңіре алады: жүйелілік, саналылық, икемділік. Бұл қасиеттер оқушыға жаіа тақырыптарды жылдам қабылдауға және басқа да пәндерді сабақтаса өту барысында тез қабылдауға жаттықтырады.

Дамытушылық қызметі. Бұл қызмет білім алушылардың бойынан шығармашылық ойлау қабілетінің дамуында, танымдық белсенділігінің қалыптасуында, өз бетімен жұмыс істеу қабілеті мен оқуға деген қызығушылығының артуында ерекше рөл атқарады. Дәл осы технология студенттер мен оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде өте маңызды.

Тәрбиелік қызметі. Биология пәніндегі барлық дерлік тәрбие түрлерін және басқа пәндермен байланыса отырып, кешенді тәрбиелеу жүйесін қамтиды.

Құрылымдық қызметі. Оқытушы пәнаралық байланыстың көмегімен белгілі бір дәрежеде оқу мазмұнын, әдіс-тәсілдері мен сабақты ұйымдастыру формаларын дамытады. Басқа пән мұғалімдерімен біріге отырып, сабақ жоспарын құрып, тәжірибе алмасады.

Ресей ғалымдары Кашина мен Архипенко (Кашина, Архипенко, 2021) интегративті тәсілді іске асыруда 5 негізгі әдістерді жинақтап, оларға сипаттама берді. Аталған ғалымдар, ағылшын тілін сабақтастыра оқытуға баса назар аударып, кіріктіре оқыту кезінде болатын қиындықтарға тоқталды. Интегративті оқыту технологиясындағы қолданылатын базалық әдістер:

Жалпы-ғылыми әдістер (салыстыру, талдау, жалпылау және т.б.). Сабақ барысында кіріктірілген екі пәндегі материалдарды салыстырып, бір-бірінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату арқылы білім алушының

ойлау қабілетін арттыруға негізделген. Бұл әдістің көмегімен теориялық тұрғыда шектеліп қоймай, практика жүзінде қолдануға болатындығы дәлелденген. Жалпы-ғылыми әдістерде білім алушылар бір-бірімен сұхбат құрып, жаңа сабақты немесе өткен сабақтарды талдап, алған білімін одан ары тереңдетуге және бекітуге жағдай жасалынған.

Ақпараттық әдістер (практикалық сабақтар, білімгердің оқытушымен біріге орындайтын өзіндік жұмысы, сұхбат, мазмұндау). Интегративті тәсілдің барлық кезеңдерінде білім алушы өзін толыққанды көрсете алуы тиіс. Бұл тәсілде көбінесе проблемалық оқыту өте кең қолданылады. Соның нәтижесінде, оқушы ақпараттарды талдап, сабақ уақытысында өз бетінше тапсырмалардың шешімін шығарып, мәселені шешудің түрлі жолдарын қарастырады. Яғни, білімгердің ойлау аясы кеңейіп және өмірдегі әр түрлі жағдайларда жылдам шешім қабылдауына септігін тигізеді.

Нәтижелі-практикалық әдістер (пәнаралық іскерлік ойындар, танымдық ойындар, викториналар, пікірталастар). Өзіндік танымы бар тұлға қалыптастыру сәтті әрі нәтижелі білім берілгендігінен хабардар етеді. Яғни, аталған әдістер арқылы біз тәлімгерлердің көпшілік ортада өзін дұрыс ұстауға, басқа әріптестерін құрметтеуге, іскерлік этикетті сақтауға және де басқалардың пікірін тыңдай алуға үйретеміз. Аталған дағдылардың барлығы дерлік болашақ маманның қоғамда өзіндік орнын табуға міндетті түрде септігін тигізеді.

Зерттеушілік-ізденіс әдістері (шығармашылық тапсырмаларды орындау, рефераттар). Көп жағдай да ағылшын тілімен келесі бір тілді кіріктірген де қоладнылатын әдістер жиынтығы, аудиториялық және аудиториядан тыс, ағылшын халқы мен білімгердің ана тілінің мәдениетін, салт-дәстүрлеін салыстырып, мәліметтер жинау үшін қолданылады. Бұл әдістің негізгі мақсаты білім алушының өзге де әлеуметтік топтарғы құрметпен қарауды қалыптастыру. Жиналған ақпараттарды конференциялар да баяндама ретінде қорғау ұсынылады.

Шығармашылық әдістер сабақтан тыс уақыттарда ұйымдастырылады және зерттеу объектілерін талдауға, критерийлерді салыстыруға, оларды жинақтап, қорытынды жасауға үйретеді.

Интегративті тәсілдердің құрамдас бөліктері өте көп және мұғалім сабақ жүргізу барысында өзіне ыңғайлы етіп өзгерте алады. Интегративті тәсіл пән мазмұнындағы тақырыптарға қарай үш деңгейге бөлінеді: пәнаралық, пәнішілік және транспәндік. Болашақ маман осы деңгейлерді толық меңгеріп, интегративті тәсілдің құрамдас бөліктерімен де таныс болуы қажет. 1-суретте интегративті тәсілдің құрамдас бөліктері берілген (Жампеисова және т.б., 2023).



Сурет 1 – Интегративті тәсілдің құрамдас бөліктері

Кіріктіре оқыту әдістерін сабақтан алдын ұйымдастыру барысында оқытушы басқа курс оқытушыларымен семестр басталмай тұрып немесе әр апта сайын, сонымен қатар семестр бойы кездесіп, жоспарлар құрып отыруы керек. Курс барысында қол жеткізуге бағытталған мақсаттары мен оқытудың нәтижелерін міндетті түрде әріптестермен талқыланады (Soven, 2023).

Зерттеудің мақсаты: Болашақ биолог мамандардың танымын кеңейтуде интегративті оқыту технологияларын пайдаланып сабақ ұйымдастыру.

Зерттеудің міндеттері:

«Эволюциялық теория» пәнінің аясында интегративті оқыту технологиясының әдіснамасын қалыптастыру;

Ағылшын-қазақ тілдеріндегі биологиялық түсінігі бар, танымы кең маман даярлау.

Зерттеу әдістері

Ғылыми зерттеу Түркістан қаласы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Биология кафедрасында өтті. Зерттеуге 6B05146-Биология, 6B01513-Биология білім беру бағдарламаларының 4-курс білімгерлері алынды. 6B05146-Биология тобы бақылау тобының, ал 6B01513-Биология тобының білім алушылары эксперименттік топ мүшелері ретінде қарастырылды. Білім алушыларға «Эволюциялық теория» пәнін өту барысында зерттеулер жүргізілді.

Ғылыми зерттеу жүргізу аясында студенттерге оқытудағы интегративті технологиялар, жаңа инновациялық әдіс-тәсілдермен қатар эмприкалық әдістерде қолданылды. Болашақ биолог мамандардың ой-пікірін білуде сауалнамалар жүргізіліп, интегративті технологияларға деген көзқарастары туралы көптеген ақпараттар алынды. Сабақ ағылышын тілімен кіріктіріле отырып дайындалды. Соның нәтижесінде студенттерге көптеген жаңа термин сөздер таныстырылып, ағылшын тілін оқыту әдістемесінен де хабардар етілді.

Салыстырмалы-статистикалық әдіс көмегімен білім алушылардың білім алу деңгейі сараланып, одан әрі нақтыланды.

Талдау және нәтижелер

Білім алушылардың таным деңгейін кеңейтіп, өзінік құндылықтары мен қабілеттерін қалыптастырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сабақты тиімде технологиялармен ұйымастыру маңызды. Болашақ биолог маманының технологияларды жетік меңгеріп, оларды өз тәжірибесінде қолдана алуы керемет мүмкіндік. Білім алушылардың интегративті оқыту технологиясы жайында сыни көзқарастары мен ой-пікірлерін білу мақсатынды зерттеу жұмысының барысында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 6B05146-Биология, 6B01513-Биология мамандықтарының 4-курс білім алушылары қатысты. Сауалнама 6 сұрақты қамтыса, білім алушылардың жалпы саны – 75. Сауалнама 1-кестеде көрсетілген сұрақтар мен жауаптарды қамтыды.

Кесте 1 – Интегративті оқыту технологиясы туралы білім алушылардан алынған сауалнама сұрақтары

№	Сұрақтары	Жауаптары
1.	Сіздің интегративті оқыту технологиясынан хабарыңыз бар ма?	Ия/жоқ
2.	Болашақ биолог маман ретінде, сабақ жүргізу барысында интегративті оқыту технологиясын қолданатыныңыз туралы ойланып көрдіңіз бе?	Ия, қолданамын/ кейде қолданамын / мүлде қолданбаймын
3.	Интегративті оқыту технологиясын қолданып сабақ өту барысында, биология пәнін қай бағыттағы пәндермен сабақтастырғыңыз келеді?	Жаратылыстану бағытындағы пәндермен/Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндермен
4.	Биология пәнін ағылшын тілінде жүргізу ойыңызда бар ма?	Ия/жоқ
5.	Интегративті оқыту технологиясы білімгерлердің тұлға болып қалыптаусына, сонымен қатар танымын кеңейту де маңызды екеніне келісесіз бе?	Ия/жоқ
6.	Сізге оқытушы тарапынан интегративті оқыту технологиясына негізделіп жасалынған оқулықтар немесе материалдар ұсынылды ма?	Ия/жоқ

Алынған сауалнама жауаптары бойынша, 1-сұрақтан болашақ биолог мамандардың интегративті оқыту технологиясын қаншалықты жақсы білетінін немесе ол технология туралы мүлде хабары жоқ екенін байқауымызға болады. Білім алушылардың 55-і технологиямен таныс екенін алға тартса, 15-і аталмыш технологиядан бейхабар екенін білдірген. Яғни, білімгерлермен тағыда түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, технологиямен тағы да таныстыру қажет екендігін байқаймыз.

Келесі сұрақтан біз келешек мамандардың бұл технологияны пайдаланып, оқушыларға сабақ өту жайлы ой-пікірлерін білдік. 2-суретте көрсетілгендей, сауалнамаға қатысушылардың 49 %-ы биология пәнін басқа пәндермен сабақтастырып жүргізуге толық келісім берсе, 31 %-ы тек кейбір уақыттарда ғана қолданатынын, ал 20 %-ы мүлде бұл технологияны қолдануға қарсы

екенін білдірген. Студенттердің бұл технологияға деген оң көзқараста екенін және басым көпшілігі қолдануға қарсы емес екендігі қуантарлық жағдай. Яғни, мақаламыздың басында атап өткеніміздей, жаңашыл мамандар біздің білім алушыларымыздың арасында да қалыптасып келеді. Тек аталмыш технологиямен ғана тоқталып қалмай, келешекте тағы да басқа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді меңгеріп және оларды оқушыларға да үйрететін болса, біз мақсатымызға жету үстінде екендігіміздің кепілі.

Болашақта интегративті оқыту технологиясын биология пәнінде қолданасыз ба?




Сурет 2 – Болашақ мамандардың интегративті технологияны пайдаланып сабақ өтуге деген ой-пікірлері

3-сұраққа білім алушылардың тең жартысы биология пәнін Жаратылыстану бағытындағы пәндермен кіріктіргенді қаласа, тең жартысы Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндермен кіріктіргенді жөн санаған.

3-суретте көрсетілгендей, келесі сұрақтан тәлімгерлердің 45-і биология пәнін шет тілімен кіріктіріп жүргізуге қарсы емес екенін білдірсе, 25-і биология пәнін шет тілінде жүргізілері келмейтінін білдірген. Бітіруші түлектердің қарсы тобы мүмкін шет тілін немесе шет тілінің әдістемесін меңгермегендіктен сабақты шет тілінде жүргізугізі келмейі деген пікірге келеміз.

Кіріктіре оқыту технологиялары білім алушыларды тек теориялық тұрғыдан ғана емес, адами тұрғыданда дамытуға қабілетті екенін білім алушылардың 47-сі растаса, 23-і келіспейтіндігін білдірген. Соңғы сұраққа білім алушылардың 54-і интегративті технологияларды ұйымдастыруға арналған оқулықтар мен материалдар оқытушылар тарапынан ұсынылғанын растаған, ал 16-сы мүлде хабарсыз екенін білдірген.



Сурет 3 – Сауалнама нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

Зерттеудің келесі кезеңі білім алушыларға сабақ интегративті оқыту технологиясына негізделіп ұйымдастырылған сабақты қамтыды. Жалпы, «Эволюциялық теория» курсы жайлы тәлімгерлердің түсінігін қалыптастыру үшін білім алушыларға экология және тарих ғылымдарымен сабақтастыра сабақ жүргізіп, биология пәнінің жан-жақты ғылым екеніне тағы да бір дәлел келтіре аламыз (Маркова, 2020). Сабақ барысында біз атап айтылған ғылымдармен бірге ағылшын тілінде де кіріктіре сабақ өтуде жөн көрдік. Эксперименттік топтағы білім алушылардың саны 26-ны, ал бақылау тобында 28-ді қамтыды.

Зерттеу барысында эксперименттік топқа алғашқы сабақ «Ч.Дарвиннің эволюциялық теориясының қалыптасуындағы жалпы алғышарттар» тақырыбының аясында жүргізілді.

Сабақтың мақсаты: Дарвиннің өмірбаяны мен еңбектері туралы студенттерге мәлімет беру, эволюциялық терминдерді қазақ-ағылшын тілдерінде қалыптастыру.

Сабақтың құрал-жабдықтары: АКТ құралдары, терминдер сөздігі, үлестірмелі парақшалар, маркерлер, карта

Пәнаралық байланыс: ағылшын, тарих, география

Сабақ барысы: Ең бірінші сабақ лекция форматында өтіп, оқушыларға аталған тақырып бойынша қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізілді. Сонымен қатар, қосымша ретінде бейнеролик көрсетіліп, сабақ оданда қатты беки түсті. Сабақта Дарвиннің өмірбаяны мен еңбектері қарастырылып, тарих пәнімен тығыз байланыста жүргізілді. Ал зертханалық сабақта білім алушылардың тақырыпты қалай меңгергенін және сабаққа дайындығын бақылау үшін көптеген тапсырмалар берілді. Білім алушылар бүгінгі сабақта топтық жұмыс орындауы үшін, «Молекула» әдісімен топқа бөлінді. Топқа бөліну әдісі тәлімгерлерді бауырмашылдық пен достыққа насихаттайтын әдістердің бірі десек қателеспейтініміз анық. Сабаққа кіріспес бұрын, миға шабуыл ретінде студенттерге өткен тақырыпқа байланысты қазақша сөйлемдерді ағылшын тіліне аударуға арналған «Кім мықты?» әдісі орындалды. Аталған әдістің көмегімен студенттер шет тілінің грамматикасы мен лексикасын біліп, ары қарай жетілдіре түсті. Келесі әдіс 2-кестеде көрсетілгендей, «Тарих әлемі» деп аталып, Дарвиннің еңбектері мен олардың шығу уақытын біріктіру берілді. Әдіс барысында білім алушылар өздерінің есте сақтау қабілетінің деңгейін анықтап, қателескен тараптарында барынша келесі сабақтарда зейінді оқуға шоғырландыру керектігін сезінді.


Кесте 2 – «Тарих әлемі» әдісінің сұрақтары



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ**

Білім алушыларға география пәнімен сабақтасқан, «Бигль кемесімен - саяхат» деп аталып, студенттер 4-суретте көрсетіліп, нөмірленген аймақтарды атап, Дарвиннің саяхатына тоқталып өтеді. Сабақтың соңғы кезеңінде термин сөздерді бекіту мақсатында «Сөзілмек» әдісі бойынша тәлімгерлер ағылшын және қазақ тілдерінде термин сөздерді кезектесе айтып шықты. Бірінші сабақ өз мақсатына жетті және нәтижелі болды. Білім алушылардың бірінші және екінші сабақта студенттердің бағалануы 5-суретте көрсетілген.

4-сурет – Дарвиннің Бигль кемесімен жасаған саяхатының аймақтары



Зерттеу іс-әрекетіндегі келесі сабақ «Дарвиннің эволюциялық теориясы» тақырыбында өтілді.

Сабақтың мақсаты: Дарвиннің эволюциялық теориясының негізгі қағидаларын бекіту, алдыңғы сабақтардағы білімдерін тиянақтау және дағдыларын арттыру.

Сабақтың құрал-жабдықтары: дидактикалық материалдар, интерактивті тақта, оқу құралдары, плакаттар

Пәнаралық байланыс: ағылшын, экология

